



Автор: Габбасова Булбул

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Достық пен татулық - таптырмас бақыт

Тақырып: Менің сүйікті кітабым

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Кітап арқылы достық қарым-қатынас орнату. |
| Сабақтың мақсаты: | Оқу сауаттылығы, функционалды сауаттылық. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылардың әдеби талғамдарын қалыптастыру, сөз байлығын дамыту, өз ойларымен еркін бөлісуге дағдыландыру. |
| Күтілетін нәтиже: | <ul style="list-style-type: none">• Түрлі әдебиеттермен танысу;• Тыңдалған шығарма желісін талдау;• Оқылған шығарманы жарнамалай (насихаттай) алу;• Алда оқитын кітапты таңдау - жоспарлау. |
| Бағалау критерийлері: | <ul style="list-style-type: none">• Кітап оқу;• Шығарма жанрын айыра алу;• Шығарма кейіпкерлерін сипаттау, сюжетін талдау;• Сүйікті кітапты жарнамалау;• Коммуникативтік дағдылар; |
| Құндылықтарды дарыту: | Ашықтық, білімділік, ынтымақтастық құндылықтарды дарыту |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Компьютер, интернет, Padlet онлайн қосымшасымен жұмыс |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі орыс әдебиеті. |
| Бастапқы білім: | Ұнаған кітаптарын оқу. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|--------------------------|---|--|
| Сабақтың басы (5 мин) | Ұйымдастырушылық кезең. Сәлемдесу. Техникалық дайындықты тексеру. (камера, дыбыс, микрофон). Оқушыларды сабақ мақсатымен таныстыру. (Экранда (алдын-ала дайындалған) оқушылардың ең сүйікті кітаптары бейнеленген Padlet тақтасын ашу. (Оқушылардан алдын-ала сүйікті кітаптарының атауларын сұрастыру, кейін сол кітаптардың мұқабалары мен шағын аннотацияларын онлайн Padlet тақтасына толтыру). | Компьютер, интернет, Padlet тақтасы |
| Сабақтың ортасы (20 мин) | Сабақ барысында оқушылары Padlet тақтасы арқылы өздерінің сүйікті кітаптарымен кезекпен бөліседі (басқа оқушылар оны экраннан тамашалап көре алады), тыңдаушы оқушылардың сұрақтарына жауап береді, таныстырылған кітапты оқыған оқушылар арасында пікір талас болады. Осылайша әр қатысушы өздерінің сүйікті кітаптарын жарнамалап, басқа оқушыларға насихаттайды. Оқушылар таныстырылған кітаптардың ішінен өздеріне ұнаған кітаптарды оқуды жоспарлап, атауларын Padlet тақтасына толтырады. | Компьютер, интернет, Padlet тақтасы https://padlet.com/ |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------|---|---|
| Сабақтың соңы (10) | Оқушылар онлайн Padlet тақтасындағы комментарий жолына таныстырылған шығарма бойынша өз ойларын білдіріп, бағалау смайликтарын белгілейді. | https://padlet.com/ |
| Рефлексия (5 мин) | Онлайн ауызша рефлексия. Оқушылардың пікірі тыңдалып, ескеріледі. <ul style="list-style-type: none">• Іс-шара барысында қандай шығармалармен таныстым?• Ең қызықты жарнама?• Іс-шара несімен ұнады?• Іс-шара көңілімнен шықпады. | |